

КЕЛІСІЛДІ
«Арай» балабақшасының
әдіскері _____
Тяглая И.А.

БЕКТІЛДІ
«Арай» балабақшасының
менгерушісі
Самаева М.С.
02.09.2025 жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде «SABA – 16» ЖШС
«Арай» балабақшасы
аралас жас «Болашақ» тобының
2025– 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы

Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы

Балалардың жасы – 3 жастағы балалар

Жоспар қай кезенге жасалды – қыркүйек айы 2025/2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызмет міндеттері
Дене тәрбиесі	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру қабілетіне үйрету. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық) қабілетіне үйрету. Еңбектеу, өрмелеу дағдыларын жетілдіру. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып секіру қабілетін жетілдіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру. Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен). Допты бір-біріне басынан жоғары беру. Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.
Тіл дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы сөздермен байыту және кеңейту. Тектегі сөздерді үйлестіру қабілетіне үйрету. Суреттерді қарағаннан кейін алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
Қазақ тілі	Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету. Туыстық қатынасқа байланысты сөздердің (әке, ана, ата, әже, апа) мәнін түсіне білуге, оларды дұрыс айтуға үйрету. Сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету. Қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.
Математика негіздері	«Көп», «бір» ұғымдары туралы идеяларды қалыптастыру, заттар санын ажырата білуге үйрету: «көп-бір». Қарама-қарсы және бірдей өлшемдегі заттарды салыстыру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрышпен таныстыру. Дене бөліктерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету. Күннің қарама-қарсы бөліктерін: күн-түнді бағдарлау.
Қоршаған әлеммен таныстыру	«Мен» бейнесін, құрдастарын балалар қоғамының мүшелерінің бірі ретінде қабылдауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға, олардың іс-әрекеттеріне оң баға беруді және өзін-өзі бағалауды, ойын мәселелерін

	шешу жолдарын дамытуға үйрету. Заттарды атауға және ажырата білуге үйрету. Көлік құралдарының түрлерімен және әуе арқылы қозғалу құралдарымен таныстыру. Таныс мамандықтардың өкілдеріне, олардың еңбек нәтижелеріне құрметпен қарау қабілетін үйрету. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекеттеріне шақыру. Балаларда «дұрыс» немесе «бұрыс», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым идеяларды дамыту. Балалардың қала немесе кент туралы білімдерін қалыптастыру. Туған жердің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Ауа-райының жағдайын анықтауға үйрету (суық, жылы, ыстық), Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу қабілетіне үйрету.
Мүсіндеу	Көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Әр түрлі пішіндегі дайындалған бөлшектерді қағаз парағына алдын-ата коюды үйрету.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға деген қызығушылығын арттыру, конструктор түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текше, кірпіш, цилиндр, үшбұрышты призманы ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды қолдана отырып жаңа ғимараттар салу: қалау, бекіту, кірістіру.
Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдай білуге үйрету. Өншілік дағдыларды дамытуға ықпал ету: таза ре (ми) — ля (си). диапазонында ән айту. Ырғақты жүру және жүгіру қимылдарын музыкамен орындау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы

Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы

Балалардың жасы – 3 жастағы балалар

Жоспар қай кезеге жасалды – қазан айы 2025/2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызмет міндеттері
Дене тәрбиесі	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20–30 сантиметр), арқан бойымен жүру. Сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5–5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен лақтыра білуге үйрету. 4–6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттардың арасымен еңбектей білуге үйрету. Құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіре білуге үйрету. Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қол және иық белдеуіне арналған жаттығуларды қайталау (Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен). Допты бір-біріне басынан жоғары беру. Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту және балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Шынықтыру шараларын жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету.
Тіл дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байытуды жалғастыру. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыра білуге үйрету. Сурет, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысанын көрген соң балаларды алған әсерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
Қазақ тілі	Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, Ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Бірнеше тұрмыстық заттардың, жемістердің атауларын айту және түсінуді дағдыларын қалыптастыру. Сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету. Зат есім және сын есімді байланыстырып сөйлеуге үйрету.
Математика негіздері	Біртекті заттарды топтастыру және біреуін бөліп көрсетуге үйрету. Бір затты екінші затпен беттестіру арқылы екі затты берілген өлшем бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.

	Балаларды геометриялық фигурамен: төртбұрышпен таныстыру. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Қоршаған әлеммен таныстыру	«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Заттардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке: мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты қасиеттеріне аудару. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауға үйрету. Жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуге үйрету.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуге үйрету
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра білуге үйрету.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, оның неше бөлімнен тұратынын білуге үйрету. Барлығымен бір қарқында ән айта білуге үйрету. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінен кейін бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы

Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы

Балалардың жасы – 3 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды – қараша айы 2025/2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған н қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене тәрбиесі	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20–30 сантиметр), арқан бойымен жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5–5 метр қашықтық). 4–6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, саты бойымен өрмелеу. Тұрған орнында қос аяқпен, 2–3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Балаларды ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету. Үш дөңгелекті велосипедті тура тебу. Шынықтыру процедурасын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
Тіл дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін жалпы сөздермен байыту және кеңейту. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыра білуге үйрету. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
Қазақ тілі	Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету Туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және т.б.) мағынасын, кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің атауын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету. Қарапайым сөйлем құра білуге үйрету.
Математика негіздері	«Көп», «біреу» ұғымдары туралы идеяларды қалыптастыру, заттардың санын ажырата білуге үйрету: «көп-біреу», біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.

	Қарама-қарсы және бірдей өлшемдегі заттарды салыстыру, бір затты екіншісіне салыстыру арқылы берілген шама белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша заттарды салыстыру. Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру: үшбұрыш, шаршы, шеңбер. Дене бөліктерінің орналасуын басшылыққа алу және өзіне жақын кеңістіктің бағыттарды анықтау: жоғарыдан төменге дейін. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерінде бағдарлау: күн-түн.
Қоршаған әлеммен таныстыру	«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл туралы білімдерін қалыптастыру Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Ауа-райының жағдайын анықтауға (суық, жылы, ыстық) үйрету. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгеністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесегінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгеніс пен жемісті, кейбір затты, азық-түлік тағамын мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Әр түрлі пішіндегі, мөлшердегі, түстердегі дайындалған бөлшектерді қағаз парағына алдын-ала орналастыруға, оларды белгілі бір ретпен орналастыруға үйрету.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштерді ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.
Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы

Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы

Балалардың жасы – 3 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды – желтоқсан айы 2025/2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Өртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Заттарды екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен еңбектей білуді; саты бойымен өрмелеуді дамыту. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіре білуді дамыту. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Үш дөңгелекті велосипедті тура тебу. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.
Тіл дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін жалпылаушы сөздермен байыту және кеңейту жұмысын жалғастыру. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру қабілетін дамыту Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты оятуды жалғастыру. Суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздерді тыңдауға, дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету. Туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және басқалары), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төлдерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Қарапайым сөйлемдер құрастыру қабілетін дамыту

Математика негіздері	«Көп», «бір» ұғымдары туралы идеяларды қалыптастыру, заттардың санын ажырата білуге үйрету: «көп-біреу», біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Қарама-қарсы және бірдей өлшемдегі заттарды салыстыру, бір затты екіншісіне салыстыру арқылы берілген шама белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі жалпы шамасы) бойынша заттарды салыстыру. Балаларды геометриялық фигуралар: үшбұрыш, шаршы, шеңбермен таныстыру. Дене бөліктерінің орналасуын басшылыққа алу және өзіне жақын кеңістіктің бағыттарды анықтау: жоғарыдан төменге дейін. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерінде бағдарлау: күн-түн.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Отбасы мүшелерінің және балаға жақын адамдардың есімдерін атауға, сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін ойнауға үйрету. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл туралы білімдерін қалыптастыру. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Ауа-райының жағдайын (суық, жылы, ыстық) анықтауға үйрету. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салуға, олардың қиылысуын жүргізе білуге, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар) заттарды бейнелеуге, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу қабілетін дамыту.
Мүсіндеу	Ермексас кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
Жабыстыру	Әр түрлі пішіндегі, мөлшердегі, түстердегі дайындалған бөлшектерді қағаз парағына салу, оларды белгілі бір ретпен орналастыру қабілетін дамыту
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текше, кірпіштерді ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.
Музыка	Шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүру; музыкамен би қимылдарының қарапайым элементтерін үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы

Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы

Балалардың жасы – 3 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды – қаңтар айы 2025/2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене тәрбиесі	Өртүрлі бағытта: «жыланша», шашырап жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тактайшалардың, қырлы тактайдың бойымен жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, допты кеуде тұсынан лақтыру. Биіктігі 40 см арканның, доғаның астымен еңбектеу. 15–20 сантиметр биіктіктен секіруге баулу. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Үш дөңгелекті велосипедті тура жүріп тебу. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою.
Тіл дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту дағдысын дамыту жұмыстарын жалғастыру. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту жұмыстарын жалғастыру. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздерді тыңдау, дұрыс айту және есте сақтау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді әке, ана, ата, әже, апа және басқалары), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Қарапайым сөйлемдер құрастыру, қарапайым сұрақтарға (Бұл кім? Бұл не?) жауап беру қабілетін дамыту.
Математика	Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған

негіздері	ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша?» сұрағына жауап бере білуге үйрету. Екі затты өлшемі: ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем бойынша салыстыра білуге үйрету. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеу. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке ажыратуды дамыту.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру жұмысын жалғастыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балалардың назарын адамның мейірімді, жанашыр, қамқор, жанашыр және іскер, еңбекқор, ұқыпты қасиеттеріне аудару; жақсы және жаман іс-әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін, сондай-ақ балалардың ел Астанасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Бөлме өсімдіктерінің 2–3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау, бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлқ ережелерін сақтау.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтынын шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
Музыка	Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету, музыкамен қарапайым би қимылдарын орындау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы
Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы
Балалардың жасы – 3 жастағы балалар
Жоспар қай кезеге жасалды – ақпан айы 2025/2026 оқу жылы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене тәрбиесі	Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүруді жетілдіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10–20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50–60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; денені солға, оңға бұру (отырған қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыру Балаларды «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Шынықтыру рәсімдерін жасау. Тыныс алу жаттығуын жасау
Тіл дамыту	Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
Көркем әдебиет	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау.
Қазақ тілі	Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу Мұғалімнің өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйретуді жетілдіру. Қарапайым сөйлемдер құрастыру, қарапайым сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту (Бұл кім? Бұл не?)
Математика негіздері	Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.

	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең салыстыру қабілетін дамыту. Геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Күннің қарама-қарсы бөліктерінде: таңертең-кешке бағдарлау қабілетін дамыту.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, бетіңізді жуу, тістеріңізді тазалау. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру; заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыс-аяққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу; сөйлеуде әртүрлі заттардың атауларын белсенді пайдалану, заттардың атқаратын функцияларын түсіну; заттар тобын білдіретін ұғымдарды меңгеру. Жаяу жүргіншілер мен жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді бекіту. Қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне қажетті материалдарды, жабдықтарды дайындауға үйрету; пайдаланғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына қою. Қазақ халқының дәстүрлі тұрғын үйі – киіз үймен таныстыру; балалардың туған өлкесіне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, айналадағы ересектерге деген сүйіспеншілігін білдіруге, балаларға үнемі қамқорлық жасауға үйрету. Ағаштардың 2–3 түрін, жабайы гүлдерді тануға және атауға, өсімдіктердің бөліктерін тануға үйрету. Табиғат бұрышының тұрғындарын бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғи құбылыстарды (маусымдық) бақылау қабілетіне үйрету; қысқы кезеңдегі ауа-райының жай-күйін бақылау күнтізбесінде белгілеу; табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жайырмадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану; қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру; ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру; заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу; құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату
Музыка	Әндердің мазмұнын қабылдау және түсіну және олардың сипатын ажырату қабілетін қалыптастыру; әр түрлі аспаптарда орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; шығарманы соңына дейін тыңдау. Ересектермен бірге ән айту қабілетіне үйрету, аспаптың сүйемелдеуімен оның дауысына бейімделу, бірге ән айтуды бастау және аяқтау. Музыканың қарқыны мен сипатына сәйкес музыкалық қимылдарды бір-бірлеп, жұппен орындау қабілетіне үйрету, аңдардың қимылдарына еліктеу: аю маймандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы
Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы
Балалардың жасы – 3 жастағы балалар
Жоспар қай кезенге жасалды – наурыз айы 2025/2026 оқу жылы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене тәрбиесі	Бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналуға үйрету. Тура жолмен жүре білуге үйрету. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10–20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50–60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (нысана биіктігі 1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық). Саты бойымен өрмелеуге жаттықтыру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіре білуді дамыту. Шағын топпен және бүкіл топпен (мұғалімнің көмегімен, көрнекі нұсқаулар бойынша) шеңберде өз орнын табу қабілетін дамыту. Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Қимылды ойындар. Балаларды қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізуге үйрету. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.
Тіл дамыту	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Балаларға «тұсау кесу» дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдана білуге үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдана білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталауға мүмкіндік беру.
Қазақша тіл	Артикуляциялық аппараты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру. Заттардың белгілерін (түсін, шамасын) және олармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді айта білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Қарапайым ұсыныс жасау бойынша жұмысты жалғастыру, жеңіл сұрақтарға (Бұл кім? Бұл не?) жауап беру
Математика негіздері	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.

	Салыстыру нәтижелерін ені бойынша, кең-тар, бірдей, тең салыстыру қабілетін дамыту. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы жұмысты жалғастыру. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды игеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде ұйымдастырылған мінез-құлық дағдыларын бекіту. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуге үйрету. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау
Сурет салу	Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдана білуге үйрету.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануға үйрету. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнауға баулу.
Музыка	Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2025/2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы – «Арай» балабақшасы
Топ/сынып – «Болашақ» аралас жас тобы
Балалардың жасы – 3 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды – сәуір айы 2025/2026 оқу жылы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене тәрбиесі	Жан-жаққа баяу айналу қабілетіне баулу. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Қарқынды өзгертіп жүгіру қаабілетін жетілдіру. Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу, отыру, қолды алға созып отыру. Қимылды ойындарға қызығушылықты сіңіруді жалғастыру. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Шынықтыру процедураларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын орындау.
Тіл дамыту	Балалар әрекетінің әртүрлі түрлерінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдана білуге үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу
Қазақ тілі	Артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру. Шағын тақпақ, жаңылтпаштарды айту және жаттау дағдысын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмысын жалғастыру. Жай сөйлемдер құруды жалғастыру, қарапайым сұрақтарға жауап беру (Бұл кім? Бұл не?)
Математика негіздері	Сауалдарға жауап беру арқылы заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Биік-аласа, тең, биіктігі тең, үлкен-кіші және жалпы өлшемдегі

	сөздерді белгілей білуге үйрету. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Дербестікті қалыптастыруды жетілдіру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Өзінің құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балаларды жалпы ережелер мен нормаларды үйренуге ынталандыру. Балабақшада, үйде, көшеде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту. Ағаштардың, дала гүлдерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тани білу қасиетін дамыту. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын жетілдіру. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілей білуді дамыту. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
